

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 ақпандағы N 116 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 шілдедегі N 719 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2005 жылғы астықты мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 ақпандағы N 116 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 6, 64-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 - тармақтың 1) тармақшасында:

"385000 (үш жүз сексен бес мың) тоннаға дейінгі көлемде" деген сөздер "362747 (үш жүз алпыс екі мың жеті жүз қырық жеті) тоннаға дейінгі көлемде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"4345880000 (төрт миллиард үш жүз қырық бес миллион сегіз жүз сексен мың)" деген сөздер "4094680000 (төрт миллиард тоқсан төрт миллион алты жүз сексен мың)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - тармақтың 2) тармақшасында:

"164999 (бір жүз алпыс төрт мың тоғыз жүз тоқсан тоғыз) тоннаға дейінгі көлемде" деген сөздер "187252 (бір жүз сексен жеті мың екі жүз елу екі) тоннаға дейінгі көлемде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"1862502000 (бір миллиард сегіз жүз алпыс екі миллион бес жүз екі мың)" деген сөздер "2113702000 (екі миллиард бір жүз он үш миллион жеті жүз екі мың)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі